

№27 «Аққала» жалпы орта мектебі

№27 «Аққала» жалпы орта мектебіндегі кәмелет жасқа толмағандар арасындағы жыныстық тиіспеушілік және ерте жүктіліктің алдын алу бойынша іс – шаралар жоспары.

ДТДЖО: Ф. К. Караев.

2022жыл

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

Н.Кулахметов

«-----»

№27 «Аққала» жалпы орта мектебіндегі
кәмелет жасқа толмағандар арасындағы
жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу
мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары
2022-2023 жыл

Мақсаты: Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінік
қалыптастыру, оқушылардың өзара сыйластық қарым – қатынастарын
дамыту, оқушыларды инабаттылыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

№	Іс-шаралар	Өтілу әдісі	мерзімі	Жауаптылар
1	Жоспарды құрып, бекіту	жоспар	06.09.2022	ДТЖЖО Ф.Қараев
2	«Қыздарға ұлттық тәрбие туралы» тақырыбында қыздармен кеңес	түсіндірме жұмыс	Қыркүйек	ДТЖЖО Ф.Қараев Педогог психолог С. Махмудова А. Холметов
3	Өгей әкесімен тұратын қыздарды анықтау	зерттеу	Қыркүйек 2-3 апта	Қыркүйек 2-3 апта
4	«Ұл баламен қыз бала сыйластығы» баяндама	түсіндірме жұмыс	Қазан 3-апта	ДТЖЖО Ф.Қараев Педогог психолог С. Махмудова А. Холметов
5	«Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» тақырыбында 8-11 сынып қыздары арасында пікірлесу	сырласу	Желтоқсан 2-апта	ДТЖЖО Ф.Қараев Педогог психолог С. Махмудова А. Холметов
6	АҚТҚ/ЖҚТБ деген не?	түсіндірме жұмыс	Қантар 4-апта	ДТЖЖО Ф.Қараев Сынып жетекшілері
7	«Зорлық зомбылықтың алдын алу, медициналық қызметті алу және ерте, мәжбүрлі некеден қорғау»	тренинг	Ақпан 4- апта	ДТЖЖОФ.Қараев Сынып жетекшілері, медбике
8	«Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» Қыз бен аналар сайысы 7-сынып қыздарымен аналары	кездесу	Наурыз	ДТЖЖО Ф.Қараев Педогог психолог С. Махмудова А. Холметов
9	Әңгіме, лекция: «Білгеніңнен білмейтінің көп әлі...» Гинекологпен кездесу	кеңес	Сәуір 2-апта	ДТЖЖО Ф.Қараев Педогог психолог С. Махмудова А. Холметов медбике
10	Отбасының рухани негіздері Баяндама	пікірлесу	Мамыр 3-апта	ДТЖЖО Ф.Қараев Сынып жетекшілері

Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары:

Ф.Қараев

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Н. Кулахметов



№27 «Аққала» жалпы орта мектебінің
жасөспірімдер арасында құқықаузушылықтың,
жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу
мақсатында өтіліетін ұлдар мен қыздар
жиналысының бағдарламасы

Тақырыаы: «Ұл бала мен қыз бала достығы»

ДТІЖО: Ф. К. Караев.

15.11.2022жыл

Сабактың тақырыбы: Ұл бала мен қыз бала сыйластығы

Сабактың мақсаты: Ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық туралы түсінік қалыптастыру

Оқушылардың өзара сыйластық қарым – қатынастарын дамыту

Оқушыларды инабаттылыққа, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу

Көрнекі құралдар: Үнтаспа, дәптер, оқулық, екі плакат, маркер.

Шаттық шеңбері: Балалар шеңбер құрып тұрады, бір - бірімен сәлемдеседі, бірге ән салады.

Біз - туған ел баласы

Сөзін жазған: Қ. Ыдырысов

Әнін жазған: К. Қуатбаев

Асыр салған таласып,

Отаным кең көсілген,

Біз - туған ел баласы

Төсінде ырыс төгілген.

Қандай байтақ Отаным,

Қаптаған мал, алып дән,

Жан - жағыңа қарашы.

Бәрі менің несібем.

Бәрін көріп келеміз,

Болашаққа сенеміз.

Жаксы оқумен, еңбекпен,

Біздер жауап береміз.

Әңгімелесу:

- Ұл бала мен қыз баланың бойында қандай қасиеттер болуы керек?

- Ұл бала мен қыз бала арасындағы достық дегенді қалай түсінесіңдер?

Жағдаяттарды талдау

1 - жағдаят: Санжар мен Самал сыныпта қатар отырады. Сөзге таласып қалған Санжар Самалға дөрекі сөз айтты. Самал жылап жіберді.

- Санжардың әрекеті туралы өз пікірлеріңді білдіріңдер.

2 - жағдаят: Сынып жетекшісі оқушыларға сынып бөлмесін жуып, тазалау керектігін айтып, тапсырма берді. Сұлтан:- Бөлмені жуу қыздардың жұмысы емес пе?! Мен істемеймін.- деді.

- Сұлтанның орнында болсаңдар, сендер не істеген болар едіңдер?

3 - жағдаят: Әлияны жүгіріп келе жатқан Ғалым байқамай қағып, тоқтамай өте берді. Ыза болған Әлия Ғалымды итеріп жіберді, отыра қалып жіберді.

- Әлия мен Ғалымның орнында болсаңдар, қандай шешім қабылдай едіңдер?

4 - жағдаят: Жәния ауыр орындығын әрең дегенде көтеріп келе жатты. Сәкен оған жәрдемдесті. Жәния үндемеген күйі сыныптан шығып кетті.

- Сәкен мен Жәнияның орнында болсаңдар, не істер едіңдер?

- Оқушылар, өз ойларыңды еркін жеткізе алғандарыңа мен қуаныштымын. Сыныптас досыңа, ол ұл болсын, не қыз бала болсын дөрекі сөз айту, мынау қыздың жұмысы, мынау ұлдың жұмысы деп бөлу, ол қыз ғой немесе ол ұл ғой деп, кешірім сұрамау әдептілікке жатпайды.

Мәтінмен жұмыс: «Кімнің жұмысы» Т. Дәуренбеков

Оқушы оқып шығады. Мұғалім сұрақтар қою арқылы балалардың білімін байқайды.

- Қыз бала мен ұл бала өзара сыйластыққа қалай қол жеткізді?

- Осы әңгімеден қандай қорытынды шығаруға болады?

- Қыз бала мен баланың өзара сыйластығы туралы не айта аласыңдар?

- Ұл бала мен қыз баланың достығы дегенде нені түсінесіңдер?

- Дұрыс айтасыңдар. Мектепте қыздар да, ұлдар да бірдей білім, тәрбие алады, «оқушы» мәртебесі бәріңе ортақ. Сыныпта тату - тәтті болып, сыйластықты қарым - қатынас жасай білу - әдептіліктің бір белгісі. Тек мектепте ғана емес, аулада да көршілеріңмен ұл, қыз болып сыйласып, дос бола білген жөн.

Шығармашылық жұмыс:

Оқушылардың ұл бала мен қыз бала арасындағы сыйластық қарым - қатынастарын дамыту мақсатында шығармашылық жұмыс ұйымдастырылады.

Ұлдарға: «Қыз баланың бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?»

Қыздарға: «Ұл баланың бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргің келеді?»

Мысалы: Қыз бала: әдепті, сұлу, нәзік инабатты, ақылды, әдемі, мейірімді, ұқыпты т. б. Ұл бала: әдепті, батыл, ержүрек, қайратты, шыдамды, әділ, ақылды, бір сөзді т. б.

Нақыл сөздерді келтіріп, өз ойларын айтады:

«Ел ұлымен берік, қызымен көрік» яғни қазақ халқы ұл дүниеге келгенде ел қорғайтын азамат туды деп мақтанып, масаттанады. Сондықтан да ұл баланы асқар тауға, алынбас қамалға, алмас қылышқа, қайратты бүркітке теңейді. Батырлардың көпшілігі ұлдардан шыққан. Қобыланды батыр, Алпамыс, Райымбек, Абылай, Сырым және т. б. Қыздардан шыққан батыр болса, халық оларды ер мінезді дейді. Ал қыз дүниеге келгенде елге, өмірге көрік берер қыз туды, деп мәз - мейрам болады. Өйткені қыз бала тән сұлулығымен ғана емес жан сұлулығының байлығымен өмірді мәнді де, сәнді етеді. Оларды гүлге, күнге, айға теңейді. Даналықтары ерлерден кем түспеген қыздар да жоқ емес. Мыс: Ұлдай хан, Қарашаш сұлу, Айша бибі, Домалақ ана және т. б.

Ойын:

Ұлдардың қыздар туралы, қыздардың ұлдар туралы жақсы ойларын білу мақсатында «Егер ұл болсам....., егер қыз болсам...» атты ойын ұйымдастырылады.

Оқушылар кезектесіп ұл болса «егер мен қыз болсам» дегенді жалғастырып айтады, қыз болса «егер мен ұл болсам...» дегенді өз ойымен жалғастырып айтады. Айта алмай қалған оқушы айып тартады.

Күтілетін жауаптар:

Еген мен ұл болсам елімді қорғаймын, қыздарға көмектесемін, қыздарды ешқашан ренжітпеймін, қыздарға ауыр сөз айтпаймын және т. б

Егер мен қыз болсам өте таза жүремін, дөрекі сөз айтпаймын, дауысымды көтеріп сөйлемеймін, адамдардың бәріне қуаныш сыйлаймын, бәріне мейіріммен қараймын, ұлдарға көмектесемін, ұлдармен қыз баламен достасқандай достаса аламын, ұлдарды сыйлаймын және т. б

Дәптермен жұмыс:

Тапсырма: Дәптерде берілген ұл бала (Алпамыс) пен қыз баланың (Махаббат) суреттерінің жан - жағына «Мен қандаймын?» деген сұраққа жауап жазыңдар.

Мыс: сүйкімді, көрікті, ұқыпты, батыл, көпшіл, мейірімді, әдепті, шыншыл, нәзік және т. б

Жүректен - жүрекке

Бір ұл, бір қыз болып араласып шеңбер құрып тұрады. Қатар тұрған көршісіне «Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады. Соңғы оқушыға жеткенше осылайша жалғасады.

Е. Өтетілеуовтің «Ұл бала мен қыз бала» атты өлеңін бәрі бірге айтады.

Ұл бала мен қыз бала

Үйге бірге қайтады

Бір мектепте оқиды.

Бар сырларын аз ғана

Ұлға да ортақ, қызға да

Бір - біріне айтады.

Білімді ойға тоқиды.

Ұл бала мен қыз бала

Ұл бала мен қыз бала

Түсіністі, достасты.

№27 «Аққала» жалпы орта мектебінің жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында өтілетін «Ұл бала мен қыз бала достығы» тақырыбындағы жиналысының хаттамасы

Мерзімі: 15.11.2022

Уақыты: 11:00

Өтілетін жер: Биология кабинеті

Қатысқандар: 9-10-11 сыныптар

Күн тәртібінде:

1. Ұл бала мен қыз бала арасындағы достық сезімдерді түсіндіру, ұл мен қыз бала өмірінің жауапкершілігін арттыру.
2. Құқық бұзушылықты алдын алу.

Тыңдалды.

Ф.Қараев – мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары жиынды ашып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстыра келе, оқушыларға ұл мен қыз бала арасындағы достық қарым-қатынастың шынайы бір-біріне сыйластық болуын, сыныпта ұл қыздарының бос уақыттарында немен айналысатынын үнемі қадағалап, бал мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту керектігін айтып түсіндіріп өтті.

С.Анарқұлова – педагог ұйымдастырушы. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың орын алу себептері, қоғамдық жағдайда туындайтын қиын факторларға тоқтала келе мектепте тәртіп бұзуға бейім оқушылармен жүргізіліп жатқан сыныптан тыс іс-шаралар мен үйірмелерде жүргізілетін іс-шараларды түсіндіріп өтті. Іс-шара барысында оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында спорттық үйірмелер 5-6-7-8-сынып оқушыларының қатысуымен түрлі жарыстар мен байқаулар, пәндер бойынша 9-11 сыныптар арасында қосымша сабақтар жүргізілетіндігін түсіндіріп өтті.

– мектеп инспекторы жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың шығу себептері бір жағынан отбасында ата-ана мен бала ортасындағы қарым-қатынастың болмауы, ата-ананың бала тәрбиесіне жете мән бермей, немқұрайды қарап, екінші жағынан әр үйдың ерке баласы болған жастайынан жұдырыққа жүгіріп, бірін-бірі мойындамай «өз дегенімді істеймін» деудің салдарынан орын алуда. Қыздар болып төбелесу, ұлдар қыздарға ұқсап өрескел қылықтар жасаудан аулақ болу керектігі туралы ескертті.

Қауылы:

1. Қыз бал мен ұл бала арасында сыйластықты арттыру мақсатында тәрбие сағаттары уақытылы өткізілсін.
2. Мектеп-ата-ана арасындағы байланыс нығайтылсын.
- 3.



